

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«Ә.ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ
ӨНЕР ЖӘНЕ ДИЗАЙН КОЛЛЕДЖІ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
« КОЛЛЕДЖ ИСКУССТВ И ДИЗАЙНА
ИМЕНИ А.КАСТЕЕВА »
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

31.08.2021г. №152-н/к
Шымкент қаласы

№ _____
город Шымкент

Тәлімгерлерді бекіту туралы

«Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Төменде аталған оқытушылар тәлімгер етіп **БЕКІТІЛСІН:**

Айдана Шахитдиновна Шураева-арнайы пәндер оқытушысы;
тәлімгер-Гаухар Жарасовна Койланова;

Айдос Сейдалыұлы Онғар- арнайы пәндер оқытушысы,
тәлімгер-Асылбек Амирбекович Тастанбеков;

Назерке Қайратқызы Бектұрған-физика пәні оқытушысы,
тәлімгер-Ширын Сабировна Сыдықова;

Бекарыс Қалмахан-арнайы пәндер оқытушысы, тәлімгер-Ергали
Есенғалиевич Мустафаев;

Ақмаржан Ашірбекқызы Желдібаева- арнайы пәндер оқытушысы,
тәлімгер-Зульфия Арипкуловна Иманкулова.

Айгерим Ашірбековна Бакырданова-арнайы пәндер оқытушысы,
тәлімгер-Жадыра Шариповна Исаева.

Негіздеме: әдіскер С.К.Хабибуллаеваның қызметтік хаты.

Колледж директоры



Д.А.Айдарбеков

000152

Жас ман және тәлімгер туралы мәлімет
2020-2023 ж.ж

№ р/с	Тәлімгердің тегі, аты, әкесінің аты	Жас оқытушының тегі, аты, әкесінің аты	Бұйрық номері, күні
1	Койланова Гаухар Жарасовна	Шураева Айдана Шахитдиновна	152-н/қ 31.08.2021
2	Иманкулова Зульфия Арипкуловна	Желдібаева Ақ-Маржан Ашірбекқызы	152-н/қ 31.08.2021
3	Сыдыкова Ширын Сабиловна	Бектұрған Назерке Қайратқызы	152-н/қ 31.08.2021
4	Исаева Жадыра Шариповна	Бахырданова Айгерим Ашірбековна	152-н/қ 31.08.2021
5	Тастанбеков Асилбек Амирбекович	Онғар Айдос Сейдалыұлы	152-н/қ 31.08.2021
6	Мустафаев Ергали Есенғалиевич	Қалмахан Бекарыс Бақтыбекұлы	152-н/қ 31.08.2021

2022-2023 оқу жылындағы «Жас маман» мектебінің жұмыс жоспары

Мақсаты :

Жас маманның табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау, біліктілік қызметінде сәтті пайдалану үшін жас маманның кәсіптік білімі мен дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері :

- жас маманның кәсіби және психологиялық бейімделуі үшін жағдай жасау;
- жас маманның оқыту- жас маманның оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға әдістемелік көмек көрсету;
- жас маманның шығармашылық қызметінің өзіндік өрнегін қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- үздіксіз білім алуға қажеттілік пен ынталандыруды дамыту.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

- жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттар мен жұмыс;
- колледж құжаттамасымен жұмысқа көмек;
- жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру;
- сабақты ұйымдастыруға көмек;

Жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жүйесі

XXI ғасыр – білімді, талантты, әлемнің, елдің және отбасының тағдыры үшін жауапкершілікті мойнына ала білетін жастардың дәуірі. Қазақстанды дамыған елдер қатарына қосу міндетінен жастар да шет қала алмайды, қайта сонынан ортасында болады деп сендіремін.

«Мен мен қатар көптеген ұстаздар жұмыс істейді. Менің көзім жеткені, жоғары оқу орнын үздік, жақсы бітіргенме, қанша таланты болғанымен, мектепте үлкен тәжірибеден шыңдалып өтпей, ол адам жақсы ұстаз бола алмайды, мен өзім тәжірибелі, білікті ұстаздардан сабақ алғанмын...»

А. С. Макаренко.

Жас мамандарды қазіргі өмір талабына сай, нәтижеге бағдарланған білім берудегі жаңашыл қызметте жаңа технологиямен жан – жақты іздену арқылы еңбек етуге үйрету; Жаңа педагогикалық технологияларды өзінің әрекеттерінде толық пайдалана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру, жан – жақты дамыту.

Шығармашылық жұмысты дамыту, әр жас маман өзінің лабораториясын жинақтау, озат педагогикалық тәжірибені анықтау, оқып үйрену, тарату және ұйым арасында тәжірибе алмасуды қалыптастыру;

Курстар, семинарлар, тренингте, дөңгелек үстел арқылы жас мамандардың кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіру;

Оқу – тәрбие жүйесінде шығармашылық ізденістер мен зерттеу жұмыстарын жағдай жасау.

Жас мамандар мектебінің жұмысы төмендегідей мәселелерді шешуге көмектеседі:

Жас маманның жұмысқа бейімделуіне;

Жұмысқа қызығушылығын арттыруда;

Жетістіктерге жетуге;

Педагогикалық потенциалының дамуына.

Жас маман мектебінің тізімі

№	Аты-жөні	Қызметі	Тәлімгерлер	Еңбек өтілі
1.	БектұрғанНазерке Қайратқызы	Физика пәні оқытушысы	Сыдыкова Ш.С.	3
2.	Онғар Айдос Сейдалыұлы	Арнайы пән оқытушысы	Тастанбеков А.	1

Жас маман мектебінің» 2022/2023 оқу жылына жұмыс жоспары

р/с	Іс-шара атауы	Түрі	Мерзімі	Жауапты	
Ұйымдастыру жұмыстары					
1.	Жас мамандарға бағыт – бағдар беру және әдістемелік көмек беру		пікірлесу	тамыз	Әдіскер, ЖММ жетекшілері
2.	Жас мамандар мектебінің жұмыс жоспарын бекіту, таныстыру		таныстыру	тамыз	Әдіскер, «Жас маман» мектебінің жетекшісі
3	Жас мамандарға тәлімгерлерді тағайындау. Жас мамандарға қатысты нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс		құжаттармен жұмыс	тамыз	Әдіскер, ЖММ жетекшілері
4.	Оқу жоспары-бағдарлама күнтізбелік жоспар.Сабақтың – білімділік,дамытушылық,тәрбиелік мақсаттарын түсіндіру		әдістемелік көмек	тамыз	«Жас маман мектебінің» жетекшісі
5.	Педагогикалық әдіс-тәсілдер білім сапасын арттырудың басты құралы		әдістемелік көмек	тамыз	Әдіскер
Әдістемелік жұмыстар					
1.	Колледждің құжаттарымен: - ішкі тәртіп ережесімен; - еңбек тәртібі міндеттерімен; - лауазымдық міндеттерімен; - жеке келісім-шарттарымен пән және топ жетекші міндетімен таныстыру	практикум	қыркүйек		Әдіскер, ЖММ жетекшілері, аға кураторлар
2.	Колледж құжаттарын жүргізу практикумы. Оқу журналдарын толтыру ережесімен таныстыру	практикум	қыркүйек		ЖММ жетекшілері

3.	Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында педагогтардың ІТ күзiреттiлiгiн дамыту	әдiстемелiк көмек	қыркүйек	Әдiскер, ЖММ жетекшiлерi
5.	Жас мамандарға «Сабақта тәртiпке қалай қол жеткiзуге болады?» так/а	Пiкiрталас	қыркүйек	Әдiскер, Тәлiмгерлер
6	Жас мамандардың күнделiктi сабақ жоспарын қадағалау.	Сабаққа қатысу	Үнемі	ЖММ жетекшiлерi
7	Жоспарлы ата-аналар жиналысын өткiзу формасы	әдiстемелiк көмек	қазан	Аға кураторлар
8	Өзiндiк бiлiмiн көтеру бағыты бойынша бiлiм алушылармен қарым-қатынас жасаудың бағыты	Вебинар	қазан	Тәлiмгерлер
9	Сабақ барысында оқушыларды шығармашылық жұмыспен баулуға үйрету әдiстерi	Вебинар	қараша	Әдiскер, тәлiмгерлер
10	Тәрбие жұмысының жоспарын жасауды үйрену	семинар	қараша	Аға кураторлар тәлiмгерлер
11	Мұғалiм портфолиосы. Портфолио мазмұны. Портфолио презент/сы	семинар	қараша	Әдiскер, тәлiмгерлер
12	Жас маманға өз сабағын талдай бiлудi үйрету	әдiстемелiк көмек. Ұжымдық электронды почта арқылы	желтоқсан	Әдiскер, тәлiмгерлер
13	Бiлiм сапасын арттырудың тиiмдi жолдары	Баяндама	желтоқсан	тәлiмгерлер
14	Ойын элементтерiн сабақта тиiмдi пайдалану арқылы коммуникативтi күзiреттiлiктi дамыту.	Слайд арқылы сабақ түсiндiру	қаңтар	Әдiскер, тәлiмгерлер
15	Жас маманның әдiстемелiк папкасын жабдықтауға көмектесу.	Портфолио жасақтау	қаңтар	Әдiскер, тәлiмгерлер
16	Бiлiм беру технологиялары мен әдiс- тәсiлдерiн қолдану жолдары.	Баяндама	қаңтар	Әдiскер, тәлiмгерлер.
17	Оқушыларды ғылыми жобаларға, олимпиадаларға, сайыстарға дайындау жүйесi.	Баяндама	қаңтар	Тәлiмгерлер, Әдiскер

18	Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануы – тәрбиенің негізгі сатысы	Дөңгелек үстел	ақпан	Тәлімгерлер, әдіскер
19	Пән бойынша оқу – әдістемелік кешен дайындау	Кеңес беру	ақпан	Әдіскер
20	<i>Оқыту үдерісінде интерактивті әдістерді тиімді пайдалану</i>	Дөңгелек үстел	наурыз	Тәлімгерлер, әдіскер
21	<i>Сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру</i>	Баяндама	наурыз	Тәлімгерлер
22	<i>Білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие жұмыстарының тиімді жолдары</i>	Баяндама	наурыз	Тәлімгерлер, әдіскер
23	Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технология - ларды (АКТ) пайдалану	Презентация жасау	сәуір	Әдіскер, «жас маман» жетекшісі
24	Тест сапасына қойылатын талаптар	Кеңес беру	сәуір	тәлімгерлер
25	«Үздік жас маман-2022» байқауын өткізу	Байқау	мамыр	Әдіскер, «Жас маман» жетекшісі
26	<i>«Мен жас маман ретінде қалыптасуымда қандай проблемаларға кезіктім және оны қалай шештім»</i>	Дөңгелек үстел	мамыр	«Жас маман» жетекшісі, тәлімгерлер
27	«Мен не үйрендім»-жас маман дардың жыл бойы жүргізілген жұмыстары бойынша есебі.	Жас мамандар есебі	маусым	«Жас маман» жетекшісі, тәлімгерлер
Әдістемелік - оқу орталығының тәжірибелі мамандарының көмегі				
1.	Жаңартылған білім беру бағдарла масы бойынша бағалау критерилері	семинар	қазан	Әдіскер, «жас маман» жетекшісі
2	Оқытушының әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, ашық сабақ өткізу шеберлігін арттыру.	әдістемелік көмек	қазан	Әдіскер, «жас маман» жетекшісі
3	<i>Басқару және көшбасшылық</i>	Коучинг сабақ	қараша	Әдіскер, «жас маман» жетекшісі
4	Оқытудағы кедергілер және одан шығу жолдары	семинар	желтоқсан	Әдіскер, «жас маман» жетекшісі
5	«Шебер-сынып», дөңгелек үстел	Тәжірибе алмасу	жыл бойы	Әдіскер, «жас маман» жетекшісі

	дер, практикум, семинарлар, іскерлік ойындар ұйымдастыру.			
Психологиялық қызмет көмегі				
1	Жас мамандармен «Өзін - өзі ашу» тренингі	тренинг	қыркүйек	Достаева А.Б.
2	Жас мамандарды психологиялық қолдау	кеңес беру	қазан	Достаева А.Б.
3	«Менің ұжымым»	психологиялық тренинг	қазан	Достаева А.Б.
4	Психологиялық тренинг танымдық дамыту құралы	психологиялық тренинг	қараша	Достаева А.Б.
5	Сабқтың психологиялық талдау сипаттамасы	психологиялық тренинг	желтоқсан	Достаева А.Б.
6	Баға қоюдың шәкірт психологиясына әсері.	Психолог кеңесі	ақпан	Достаева А.Б.

2022-2023 оқу жылындағы «Жас маман» мектебінің отырыстардың жоспары

Р/с	Жүргізілетін жұмыстардың тақырыбы	Мазмұны	Күтілетін нәтиже	Мерзімі	Жауапты	Орындалуы
1	№1 отырыс 1. Ұйымдастыру жұмыстары. 2. Жас мамандар мектебінің жоспарын бекітуге ұсыну, тәлімгерлерді белгілеу.	Жоспарларды бекітуге ұсыну	Талдау, сараптау	Тамыз	Әдіскер	
2	№2 отырыс 1. Жас мамандардың кәсіптік құжаттарын тексеру. 2. Тәлімгерлердің есебі	Бақылау	Анықтама.	Қараша	Әдіскер	
3	№3 отырыс 1. Жас мамандардың есебі. 2. Жас мамандар мектебінің І жартыжылдық бойынша есебі	Бақылау	Анықтама, сараптама.	Желтоқсан	Тәлімгерлер	
4	№4 отырыс 1. «Жас маман-2022 ж» байқауының жоспарын бекітуге ұсыну.	Жоспарды бекітуге ұсыну, бақылау	Іс-шаралар ұйымдастыру, анықт	Наурыз	Тәлімгерлер	

	2.Жас мамандармен тәлімгерлердің есебі		ама			
5	№5отырыс 1. Жас мамандар мектебінің II жарты жылдық бойынша есебі 2. 2021 -2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын дайындау	Сараптама	Талдау, сараптау	Мамыр	Тәлімгерлер	

«Жас маман» мектебінің жетекшісі:

Тастанбеков А.

Тәлімгердің жас маманмен I жарты жылдықта жүргізілген жұмысының есебі
Тәлімгер Койланова Гаухар Жарасқызы

2020-2021 оқу жылында жас мамандар Шураева Айдана Шахитдинқызына тәлімгер болып бекітілдім. Ең алдымен жас мамандарды педагог жұмыстары және ережелерімен таныстырып өттім.

Тәлімгерлік жоспары

Тәлімгерлік етудің мақсаты	Тәлім алушымен тәлімгерлік жұмыс жүргізу арқылы оқыту мен оқу үдерісіне өзгерістер енгізу
----------------------------	---

Күтілетін нәтиже		Тәлім алушы жаңаша сабақ жоспарлауды, сындарлы оқытудың әдіс-тәсілдерімен танысады . Тәлім алушы оқыту мен оқу үдерісін дамытуға , жақсартуға үйренеді, қолданады		
№	Жүргізілетін жұмыс түрі	Мақсаты	Күтілетін нәтиже	Мерзімі
1	Жұмыс оқу бағдарламасын құруға көмектесу.	Құрылған жоспар талданып, бекітіледі. Тәлім алушы анықталады	Тәлім алушы өзінің кәсіби дағдысын дамытады	Қыркүйек
2	Жас маманның күнделікті сабақтарына қатысу. «Не болып жатқанын» анықтау. Жас мамандармен әңгімелесу, проблеманы анықтау	Жас маманның сабақтарына қатысып, қандай көмек керектігі анықталады	Өз сабағында көмек қажет тұстарын аңғарады	Жоспар бойынша
3	Жас мамандарды тәжірибелі оқытушылардың сабақтарына қатыстыру	Жас мамандар сабақтардан жаңаша әдіс-тәсілдерді үйренеді	Педагогикалық қызмет барысында қиындық келтірген мәселелерін шешеді	Үнемі
4	Жас маманға оқытушының қажеттілігіне сәйкес әдістемелік көмек көрсету	Жас маманның педагог ретінде тәжірибиелік дағдыларын жетілдіруге көмектесу	Жас маман өзінің кәсіби дағдыларын дамытады	Жыл бойы
5	Бірлесе отырып жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланып жоспар жасау	Сабақ жоспарына жаңа әдіс тәсілдерді қолдануға үйрету	Сабақты талапқа сай жоспарлай алады	Қаңтар
6	Ашық сабақтарға қатыстыру	Жас маманның тәжірибиесін жетілдіру мақсатында ашық сабақтарға қатыстырту	Кәсіби білімін, игерген дағдыларымен тәжірибесін жетілдіреді.	Жоспар бойынша
7	Жас маманмен жүргізілген жұмыстар жайлы бейресми әңгіме жүргізу	Тәлімгер жас мамандармен жұмыстардағы өзгерістер жайлы әңгіме жүргізеді	Өз сабағына қолданатын әдіс-тәсілдерді үйренеді	Сәуір
8	Жас мамандардың сабақтарына қатысу. Жас маманның жұмыстарындағы өзгерістерді көру, тәжірибені талдау	Тәлімгер жас маманның сабақтарына қатысады. Жұмыс барысындағы өзгерістерді анықтайды.	Жас маманның педагогикалық қабілетін дамытады	Жоспар бойынша
9	Өткізілген жұмыстарға талдау жасау.	Жас маманның атқарған өз жұмысы туралы пікірін білу	Жас маман атқарған жұмысына қорытынды жасай алады	Мамыр

Жас маман Шураева Айдана Шахитдинқызы өз жұмыстарына тиянақты қарайтын, жаңашылдыққа бейім, тіл табысуда қиындық тудырмайтын пәндері, мамандықтары бойынша жетістікке ұмтылатын деңгейлік курстан өтпеген, оқытушылық қызметті жаңа бастап отырған оқытушы. Оқу жылының басында арнайы пәндер және өз сабақтары бойынша оқу бағдарламаларымен танысып, түсіндіріп өттім.

Сағат жүктемелерін ескере отырып, сабақ кестесі мен жұмыс оқу бағдарламасын құрдық. Жас мамандарға өндірістік оқыту шеберінің міндеттерін таныстырып өттім. Гаухар Жарасқызы өндірістік шебер және арнайы пән оқытушысы. Оған Дизайн мамандығының 3 курс білім алушыларына арнайы пәндерден сабақ беру жүктемесі берілген. Айдана Шахитдинқызына алғаш рет ұстаздық жолды бастап отырғандықтан күнтізбелік тақырыптық жоспар, күнделікті сабақ жоспарын құруда әдістемелік жетекші әдіскер және тәлімгері менен біраз қолдау, көмек көрсетілді. Дегенмен, жас маман Шураева Айдана жоспарды уақытында жасап тапсырып отырды.

2 курс студенттеріне желтоқсан айында сабағынан қорытынды бақылау жұмысы бойынша тапсырмаларды дайындау Айдана Шахитдинқызына тапсырдым. Уақытында дайындап, есепті (отчет) тапсырды. Жас мамандарға өзара сабаққа кіруге КМ төрайымы мен жоспар құрылды. Сабақтарға кірген соң жас мамандармен кәсіби байланыс жасалды. Өз сабағы мен тәлімгердің сабағын салыстыра отырып өз тәжірибелеріне нені жетілдіру керектігін өздері анықтап отырды. Сонымен қатар жас мамандардың сабақтарына да кіріп отырдым. Жас маманның алғашқы сабағына сыни көзбен қарау мақсатында емес, үйрету, бағыттау мақсатында қатыстым. Тексеру жұмыстары кемшілік іздеу бағытында емес, түзету бағытында жүргізілсе және колледжге келген жас маманға үнемі қолдау көрсетіп отырса, нағыз шебер ұстаз болып қалыптасуына бағыт беру бағытында жүргізілсе нұр үстіне нұр болады.

Колледждің жақсы нәтиже көрсетуіне жас маманның да алар орны ерекше.

Жас маман Шураева Айдана Шахитдинқызы 2 курс студенттеріне тәлімгер. Тәрбие жұмысы бағыты бойынша да жас мамандарға көмек берілді, тәрбие жұмысы жоспарын дайындауда, топ сағаттарын әзірлеуде, топтағы білім алушылармен қалай тіл табысып, жұмыс жасауға.

І жарты жылдықтағы жасалған жұмыс нәтижелері келесі жарты жылдықта он бағасын береді деп ойлаймын. Алда апталықта ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар жоспарланған. Жалпы айтқанда жас мамандар Шураева Айдана Шахитдинқызы жұмыстарын жақсы көреді, алдағы уақытта бірігіп көптеген жұмыстар жүргізіледі деп сенемін.

Оқытушы – тәлімгердің атқарған жұмыстары туралы, әдістемелік көмек көрсету мақсатында жас маманға ЕСЕП

Жас маман: Оңғар Айдос Сейдалыұлы

Тәлімгер: Тастанбеков Асилбек Амирбекович

Қазіргі заманғы реформалау жағдайында ұлттық білім беру жүйесін ерекше мәнге ие болады, бұл жас педагог тиіс барынша қысқа мерзімде бейімделіп, жаңа оған жағдайындағы практикалық қызмет.

Бүгін жүйесі тәлімгерлік жаңадан лайық ең назар, онда бейнеленген өмірлік қажеттілік бастауыш педагог алуға тарапынан қолдау тәжірибелі мұғалімдердің практикалық және теориялық көмек жұмыс орнында ұсына алады.

Жас маман Оңғар Айдос Сейдалыұлы тәлімгері бола отырып, негізгі мақсаттары мен міндеттерді анықтадым.

Мақсаты:

тәжірибелік көмек көрсету, жас маманға жетілдіру мәселелері бойынша теориялық және практикалық білімді және оның сапасын арттыру.

Міндеттері:

- Жас маманның қажеттілігін үздіксіз қалыптастыруды жалғастыру, жаңа түрлерімен меңгеру, әдіс-тәсілдерімен оқыту және тәрбиелеу, үйрету.
- Мұғалімге көмектесу, өз қол жеткізу педагогикалық ғылым мен озық педагогикалық тәжірибені шығармашылықпен, идеяларын оқу-тәрбие процесін еңгізу.
- Шығармашылық жұмысының жеке стилін; кәсіптік бастауыш педагог нақты білімді және іскерлікті қолдану теориясын практикада қалыптастыру.

Болжамды нәтиже:

- Оқу қызметін жоспарлау білу, жеке, сондай-ақ оқушы, негізінде шығармашылық іздену арқылы өз бетімен білім алу.
- Жас мұғалім ретінде-оқытушының кәсіби маман қалыптасуы.
- Оқытушының әдістемелік, интеллектуалды мәдениетін арттыру.
- Оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың, жүйесін меңгерту.
- Білу, тәрбие жүйесін жобалау, жұмыс топпен зерттеу негізінде баланың жеке басын жүргізу, жеке жұмыс.

Жұмыс формалары:

- жеке, ұжымдық, кеңес беру;
- сабақтарға қатысу;
- мастер-кластар, семинарлар, ашық сабақтар;
- теориялық баяндамалар, жоба қорғау;
- тәлімгерлік;
- сауалнама;

Біздің жұмысымызды үш кезеңнен құрдық:

1ші кезең – бейімделу.

Тәлімгер міндеттерін анықтайды және өкілеттіктерін жас маманның, сондай-ақ оның кемшіліктері және дағдылары әзірлеу үшін бағдарламаны бейімдеу.

2-ші кезең – негізгі.

Тәлімгер бағдарламасын әзірлейді және іске асырады, түзетуді жүзеге асырады кәсіби дағдылары құруға көмектеседі, оған өзінің бағдарламасын өзін-өзі жетілдіру.

3-кезең – бақылау-бағалау.

Тәлімгер тексереді және кәсіби құзыреттілік деңгейі жас маманның дәрежесін анықтайды, оның дайындығын өзінің функционалдық міндеттерін орындау.

Таңдау жұмыс түрі жас маманмен бастаған кіріспе сауалнама жүргізу және әңгімелесу, оқытушы көрсеткен қиындықтар, проблемалар. Сауалнама қорытындысы бойынша бірлескен жұмыс жоспары анықталады.

Тәлімгерлік – бұл тұрақты диалог, тұлға аралық қарым-қатынас, демек, ұстаз, ең алдымен шыдамды және мақсатқа ұмтылған болуға тиіс. Өз жұмысында жас педагог, ол қолдануға тиіс неғұрлым тиімді өзара іс-қимыл түрлері: іскерлік және рөлдік ойындар, "шағын топтармен жұмыс", жағдайларды талдау, тілді дамытатын, іскерлік коммуникацияны, жеке көшбасшылық қабілетін, шешім қабылдай білу, дәлелді тұжырымдау.

Жүргізілген кеңестер мен әңгімелер оқу жұмыс жоспарың жоспарлау. Сабақ өткізуге көмек көрсетілді, жұмыс жоспарың және сабақ жоспарлары, әзірлеу және қолдану, дидактикалық материалдарды сабақта қолдануға үшін анықталды.

Оқу процесінің ішінде Айдос Сейдалыұлы сондай-ақ кез келген басқа оқытушының сол мақсатпен үйрену үшін маңызды кәсіби сапаларын көрсетті.

- оқу – танымдық атмосфера жасау;
- пайдаланылатын оқыту әдістері;
- оқушылардың сабақта жұмыс істеуі;
- сабақтың тәрбиелік жағы;
- мұғалім мен оқушылардың қарым -қатынасы;

Оқу - тәрбие процесінде өзінің тобымен Айдос тығыз байланыста және ата-аналармен ынтымақтаса біледі. Бұл үшін топта жеке әңгімелесу, ата-аналармен, сағаттар, консультациялар және басқалары жүргізіледі.

Жыл бойынша жас маманмен жүргізілген жұмыспен қорытынды жасауға болады: оқытушы қазірдің өзінде жақсы әдістемесін жүргізу меңгерген; сабақтың материалымен; оқу процесінің барысы мен тәртібін толық меңгерген.

2022 жылы Айдос Сейдалыұлы "Дарабоз" V республикалық байқауында «Бейнелеу Өнері» номинациясы бойынша қатысып, ол өз және 2 курс 3 топ студенттері: Иван Олег, Қолдас Мирас мүсін мамандығы және иллюстратор мамандығының студенттері Тасеменова Нұрайым, Аширбай Диана, Пушанова Арайлымдың жұмыстарын ұсынып «Атадан мұра» «Диплом» марапатталды.

Қорытынды:

Бейімделу кезеңінде жас маманның сәтті өтті. Жас маманға колледж әкімшілігі мен педагог-тәлімгердің теориялық білімді жүзеге асыру сұрақтарында, кәсіби шеберлігін арттыруға көмек көрсетілді.

Келесі оқу жылына қойылатын міндеттер:

- жас педагог құзыреттілігін дамыту мәселелері бойынша зияткерлік және шығармашылық әлеуетін сабақтарында жұмыс істеу.
- зерттеу және тәжірибелік қолдану тиімді әдістерін бағыттау, оқушылармен жұмыс істеу деңгейі әртүрлі ынталандыру қамтамасыз ету; оқушылардың бүкіл сабақ бойы рефлексия мен өзін-өзі бақылау.

**«Жас мамандарға тәлімгерлік көмек білім сапасын арттырудың кепілі»
(шеберлік класс)**

Мақсаты:

Жас маманның теориялық білім, білігін практикамен ұштастырып, кәсіби шеберлігін шыңдауға ықпал ету.

Міндеттері:

Жас оқытушылардың үздіксіз білім берудегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету және әр түрлі қиындық келтіретін мәселелерді шешу амалдарын көрсету, қиындықтардан өтуіне көмек беру;

Озық тәжірибелермен танысып, жаңа технологияны үйреніп, практикада қолдануға ықпал ету.

Шығармашылық ізденіске баулу.

Жас мамандардың алдына қойған мақсаты – шәкірттердің оқуға деген ынтасын арттырып, білімді, ізденімпаз, талапты азамат етіп тәрбиелеу. Сондай-ақ ұстаз деген ұлы есімге лайық болу.

Бүгінгі жас маман – ертеңгі ұлағатты ұстаздардың орнын басатын, олардан үлгі алатын, шәкірттердің сүйікті ұстазына айналатын тұлға .

Сондықтан, жас мамандарды тәрбиелеп, жақсы ұстаз деңгейіне дейін көтеруге жұмыстану.

Осы уақыт аралығында келесі жас оқытушыларға тәлімгер ретінде көмек көрсеттім:

Бахырданова Айгерим, Желдібаева Ақ-Маржан.

Тәлімгердің жас оқытушылармен жұмыс жоспары:

-Жас мамандарға жұмыс оқу бағдарламаларын құруға көмек көрсету;

-Жеке іс-қағаздары мен электрон журналдарды толтыруға басшылық ету;

-Оқу-әдістемелік құралдар дайындауға (слайдтар жинағы, есептер жинағы, оқу-әдістемелік кешен, т.б) көмектесу;

-Тәрбие жоспарларын құруға көмек көрсету;

- Пән бойынша күнделікті сабақ жоспарлары мен электрондік материалдарды дайындауға үйрету;

-Ашық сабақтар мен іс-шараларға өзара қатыстыру;

- апталықтар өткізу бойынша көмек көрсету;

-Колледжден тыс шараларға қатыстыру

Ең алдымен:

- жас маманға жұмыс жасауына жағдай жасау,
- жас маманның пән бойынша және қосымша сабақтарына қатысып, талдау жасау,

Алғашқы рет жас оқытушыға:

-оқу процесін ұйымдастыру;

-оқу құжаттарын толтыру;

-оқу процесінде оқытудың түрлері мен әдістерін қолдану;

Жас оқытушыға көмек көрсету және өз тәжірибеммен бөлісу мақсатында сабағына қатысу.

Оқытушы біліктілігінің маңыздысы – сабақты бастарда оқушылар назарын дұрыс ұйымдастыру, үзілістің соңы мен сабақ арасын айқындай ашып, оқу пәніне жедел шұғылданатын психологиялық жаңа ахуал туғызу .

Қандай да болмасын еңбек, соның ішінде оқу еңбегі де, оның қолайлы орындалуы үшін жағдайлар жасауға байланысты.

Әр маман өз білімін шыңдау үшін үнемі ізденісте болу керек, сондықтан әр жас маманның тәжірибе жинақтау үшін арнайы өз портфолиосы және жас мамандар үнемі тәжірибесі мол ұстаздармен тығыз байланыста болу керек. Жас мамандар тәжірибелі ұстаздардың сабағына үнемі қатысып білмегендерін үйренгені жөн.

Қорытындылай келгенде, еліміздің болашақ мамандары қоғам талабына сай жан-жақты болуы үшін төмендегі міндеттерді әрбір оқытушы орындауы қажет:

1.Әрбір оқытушы өз пәнінің білікті, білімді шебер маманы екенін көрсете білу.

2.Студенттің білім деңгейін дәл анықтауға бағыт беріп, келешекпен байланысты сенімді қалыптастыру.

3.Студенттің әрбір пәннің мамандыққа қатысты мәселелерін ынтымақтастықпен шешу қабілеттерін дамыту.

4.Студенттің кәсіби білікті, білімді шебер тұлға қасиеттерін санасына құйып дүниетанымын кеңейту.

Қорыта айтқанда, **«Ұстаз білімді болса, пән қадірлі»**, оқу процесінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызғылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушыларды өздігінен білім алуға үйретуге байланысты.

Сондықтан оқытушы үшін сабақтың жүргізілу жүйесін жетілдіріп,

Оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелеп, сапасы мол тиімділігін арттырып, жаңадан дұрыс өзгерістер әкелуге, оларды енгізуге барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

Қорытынды:

Жұмысқа уақыт табыңыздар, бұл – табыс шарты. Ойлануға уақыт табыңыздар, бұл – күштің қайнар көзі. Ойынға уақыт табыңыздар, бұл – жастықтың құпиясы. Оқуға уақыт табыңыздар, бұл – білімнің негізі.

Исаева Жадыра Шариповна,
Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн
колледжінің «Сәндік қолданбалы өнер»
кафедрасының педагог-сарапшы оқытушысы

Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің 2021-2022 оқу жылы

Жас мамандармен жұмыс бойынша жылдық ЕСЕП

2021-2022 оқу жылы колледжімізде 4 жас оқытушы жұмыс атқарады. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында жас мамандардың табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру әдістемелік жағдай жасау мақсатында «Жас мамандар» мектебі жұмыс жүргізді. Жас оқытушыларлардың кәсіби дайындық деңгейін анықтау, нормативтік құжаттармен жұмыс істеуді меңгерту, жұмыс оқу бағдарламасын жоспарлауды дайындау, колледж құжаттарын жүргізу, элективті, таңдау пәндері бойынша және жеке және топтық курс бағдарламаларын дайындаудағы жеке консультациялар, қазіргі сабаққа қойылатын талаптар, оқу процесін ұйымдастыру формалары, олардың үйлесуі, қазіргі колледждегі топ жетекшісінің қызметі сияқты мәселелер отырыстарында қаралды.

Қыркүйек айында жас мамандардың тізімі жасалды, сапалық құрамын анықталды, «Жас мамандар» колледждің жұмыс жоспары бекітілді. Қыркүйек айында колледж әдіскері Хабибуллаева С.К. жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында "Тиімді жоспарланған сабақ жоспары - нәтижелі сабақ кепілі" колледжішілік семинар-коучинг өткізді. Жас мамандарға қысқа мерзімді жоспарды тиімді құру, сабақ кезеңдерін нәтижелі, жүйелі ұйымдастыру, Блум таксономиясы, SMART мақсаттар бойынша нұсқаулықтар ұсынылды.

Коучинг барысында жас мамандармен психологиялық тренинг өткізіліп, өзара еркін тәжірибе алмасуға жағымды психологиялық педагогикалық ахуал орналды.

Қазан айында тәлімгер- «Оқушылардың оқу іс-әрекетінің нәтижесін бағалау» тақырыбында тәлімгер-оқытушы Исаева Жадыра колледждің жас педагогтерімен семинар-практикум өткізді. Семинар барысында жас мамандар әр түрлі мазмұндағы шығармаларды бағалау нормалары мен критерийлері туралы, бақылау жұмыстарын жүргізудің, бағалаудың және талдаудың мазмұны мен әдістемесі бойынша, оқушыларға өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау әдістерін үйрету жөнінде білімдерін кеңейтті.

Қараша айында тәрбие ісінің орынбасары Джумабаев Д.Т. «Жас сынып жетекшісі» тақырыбында семинар өткізіп, жас мұғалімдермен қазіргі мектептегі сынып жетекшісінің қызметі, тәрбие жұмысының жоспарын құру және орындау бойынша жұмыс туралы мәселелерін талқылады.

Желтоқсан айында «Жас мамандар» мектебінің жоспары негізінде тәлімгер- мұғалімдер «Мұғалімнің рефлексивті әрекеті. Сабақты талдау және ішкі бақылау» тақырыбында жас мұғалімдерге семинар-практикум өткізді. Сабақта жас оқытушылар рефлексия, оның мәні мен түрлері, мақсатына байланысты оқу сабағын талдауға қойылатын талаптар, оқуға қойылатын талаптар, кәсіби қызметтегі алғашқы табыстар мен жетістіктердің рефлексиясы туралы түсініктерін кеңейтті. Тәлімгер педагогтар жас мамандарға оқытудың тиімді әдістері мен түрлерін, әдістемелік ұсыныстарды таңдап, оларды технологиялық үдерісте дұрыс үйлестіріп және ұтымды пайдаланған жағдайда оқу процесінде елеулі нәтижелерге қол жеткізуге болады екенін өз тәжірибесімен байланыстырып түсіндірді.

Қаңтарында айында бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары Кусаинова С.З мектептің жас мамандарына «Пәндік олимпиадаларға дайындық және оқушыларды зерттеушілік жұмыстарға баулу» тақырыбында семинар-практикум өткізді. Семинар барысында мектептік ғылыми қоғамы шеңберінде оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру жөнінде және пәндік олимпиадаларға дайындау барысындағы ұстанымдар бойынша бағыт-бағдар берді. Ақпан айында колледждің педагог-психологі Достаева А.Б. «Педагогикалық жағдайлар» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында топ пен оқушының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын құрастырудың негіздері, сабақтағы қиын жағдай және одан шығу жолы, суицидтің алдын алу мәселелерді жас мамандармен бірлесіп талқылады

Ақпан айында мектептің педагог-психологі Достаева А.Б. «Педагогикалық жағдайлар» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында сынып пен оқушының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын құрастырудың негіздері, сабақтағы қиын жағдай және одан шығу жолы, суицидтің алдын алу мәселелерді жас мамандармен бірлесіп талқылады.

Сәуір-мамыр айларында «Бүгінгі жас маман – болашақ білікті ұстаз» тақырыбында жас мамандардың, өткізген сабақтарына өзіндік талдау, тәлімгер мұғалімдердің ұсыныстары және жас мамандардың шығармашылық есебі өткізілді. мұғалімдер Тастанбеков А.А., Сыдыкова Ш.С., Койланова Г.Ж., Исаева Ж.Ш., жас мамандар арасында «Оқушылардың іс - әрекетін ұйымдастыру» тақырыбында теориялық сабақтар мен шеберхана өткізді.

Осы отырыста жас оқытушылар белсенді оқыту әдістерін қолдану, оқу процесін ұйымдастыру формалары, олардың үйлесуі, оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану, оқу іс-әрекетінің түрлері, сабақ барысында теориялық бөлімді белсенді формалармен тиімді үйлестірді.

Оқушының оқуға уәжін қалыптастыру мен мотивациялық үдерісті басқара білу-сабақтың сапасы мен тиімділігінің кепілі

Қазіргі таңда колледждің алдында тұрған міндет- педагогикалық процестің тиімділігін арттыру. Осыдан оқу процесін қалай тиімді етуге болады? деген сұрақ туындайды.

Әр оқытушы оқушысының жақсы оқып, колледжге қызығушылықпен және құштарлықпен келгенін қалайды. Мұны ата- аналар да қолдайды. Өкінішке орай ,көбіне оқытушылар де ,ата-аналар да «оқығысы келмейді», «тым жақсы оқыр еді,күлкы жоқ» деп жатады. Бұл жағдайда біз оқушының бойында білім алуға қажеттілік қалыптаспағандығын,оқуға қажеттілігін сезінбесе, қызығушылықтың жоқтығы айқын аңғарамыз.

Оқушы білім алуға немқұрайлы қараса,қызығушылық танытпаса,білім алудың қажеттігін сезінбесе, оқуда жетістікке қол жеткізе алмайтындығын әр оқытушы біледі. Сондықтан колледж оқу процесінің тиімділігін арттыру мақсатында студенттің оқу қызметіне жағымды мотивация қалыптастыруы тиіс .

Оқыту мотивациясы жоғары деңгейде болмайынша, оқуда жетістікке жету ,оқушылардың өз бетінше білім алу дағдысын және танымдық қызығушылығын ***қалыптастыруды*** елестету мүмкін емес.

«Мотивация» сөзі латынның «movere» - қозғалту деген сөзінен алынған.

Мотивациясы бар адам біреу жетелеп тұрғандай, табанды, тапсырманы орындауға бар ынтасымен кіріседі, интеллектуалдық, спорттық, шығармашылық жетістіктерге жеңіл қол жеткізеді.

Мотивация – күрделі педагогикалық проблеманың бірі.

Мотивация жүйесі — сапалы және жемісті еңбекті қамтамасыз етуден тұратын материалдық және материалдық емес ынталандырулардың өзара байланысы.

Оқыту мотивациясы — оқу қызметін жүзеге асыруға бағытталған процесс, ол барлық күш-жігерін тапсырманы бағыттайды.

«Оқыту мотивациясы мәселесі- оқыту процесінің өзі туралы мәселе», -дейді П.Я. Гальперин.

Мотивацияны 2 –ге бөлеміз:

Оқытудың сыртқы мотивтері:

- Бағалау;
- Міндет;
- Материалдық марапаттауға ие болу үшін , көшбасшы болу үшін, престиж үшін оқу;
- Жазалаудан құтылу .

Оқытудың ішкі мотивтері:

- Өз ісінен ләззат алу Удовлетворение от самой деятельности;
- Нәтижеге қол жеткізу Прямой результат деятельности;
- Жетістікке ұмтылу Стремление к успеху,
- Өмірге қажеттілігін түсіну Понимание необходимости для жизни;
- Оқу қарым-қатынас жасау мүмкіндігі Учение как возможность общения.

Оқыту мотивациясының басты міндеті-оқыту процесін оқушы тұлғасының ішкі мотивациялық потенциалының ашылуына мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастыру.

В.А. Сухомлинскийдің айтуынша : *«Егер оқушының білім алуға құлқы болмаса, біздің барлық ойға алғанымыз бен ізденістеріміздің күлі көкке ұшады».*

Мотивация мәселесі кеңінен зерттелуде. Оқытушылардың жұмысын бақылау нәтижесінен байқалғаны: оқытушылар оқушы мотивациясына қажетті деңгейде мән бере бермейді екен. Көптеген оқытушылар өздері байқамай: бала колледжге келді ме оқытушының ұсынғанын бұлжытпай орындауы тиіс деп ойлайды .

Халық даналығындағы *«атыңды қайнар бұлаққа әкелгенмен , суды қанып ішуге мәжбүрлей алмайсың»* деген сөзді қазіргі колледж тәжірибесіне қатысты айтуға болады. Иә, студентті отырғызып, тәртіпке шақыруға, тіп-тіке отырғызуға болады. Бірақ қызығушылығын оятпайынша, ішкі мотивациясын қалыптастырмайынша баланың оқу қызметі көзбояушылық боп қала береді.

Студенттің білімнің қайнар бұлағынан «қанып ішуге» қалай тартамыз?

Білімге қажеттіліктің маңызы неде? Қалай пайда болады? Қалай дамиды? Оқушының білім алуға мотивациясын қалыптастыру үшін қандай педагогикалық құралдарды пайдаланамыз?

Балалар класта отырып оқуы және толыққанды оқу қызметі түріндегі жаңа білім мен дағдыны меңгеруі үшін оқыту процесін дұрыс ұйымдастыру қажет. (В.В.Давыдов)

□ Судентті оқуға ынтасын , дағдының іргетасын қалау үшін қолайлы уақыт.

- Оқушының оқуға күш салуы оқу мотивациясының қалыптасу деңгейіне байланысты болады.
- Оқыту процесінің өне бойына оқушының білім алуына және қарқынды ақыл-ой еңбегіне ішкі қызығушылығын ояту маңызды.

Оқушының танымдық қызметін қалай мотивациялау керек?

Психологияның заңдылығы бойынша баланы бір қызметке шақырмас бұрын оны қызықтыра білу, ол істі орындау үшін қажетті барлық күш-жігерін жұмылдырып, дайын отырғандығына көз жеткізуіміз қажет.

Оқушының мотивациялық дағдарысының себептері:

- Оқу материалының шамадан тыс көптігі;
- Баланың өзінің психологиялық қауіпсіздігіне сенімсіздігі; (қорқыныш пен стресс);
- Жазалаудың көптігі мен марапаттаудың деңгейінің төмен болуы;
- Оқушылардың қабілеті әр түрлі, сондықтан іс-әрекетті орындау олар оқытушының көңілінен шыға алатынына және ұсынылған тапсырманы жақсы орындай алатынына сенімді болғанда ғана қызығушылығы оянады.

Оқыту мотивациясын арттыру – ұзақ, мақсатқа бағытталған, еңбекқорлықты қажет ететін процесс. Оқу қызметіне тұрақты қызығушылықты қалыптастыру үшін дәстүрден тыс сабақ түрлерін: саяхат сабақ, ойын сабағы, зерттеу сабағы, шығармашылық тапсырмалар сабағы, АҚТ, проблемалық сұрақтар қоюдың маңызы зор. Сабақтың әр кезеңінде оқытудың түрлері мен әдістерін тиімді байланыста қолдану балалардың білім алу мотивациясын тұрақтандырады.

Ішкі мотивацияны арттыру тәсілдері:

- Тапсырманы дұрыс орындағаны үшін сыйлық бермей, бағалау және мадақтаумен шектелуі керек.
- Сабақта жарыстыру жағдайын мүмкіндігінше аз пайдалану. Есесіне баланы өз нәтижесі мен жетістіктеріне талдау жасап, салыстыра білуге үйрету.
- Оқу мақсаттарын «жоғарыдан» міндеттемеу. Баламен мақсатын анықтауды бірлесе шешсе, тиімдірек болады.
- Оқу міндетін дұрыс орындамағаны үшін жазалау тиімсіз шара болып табылады, ол жағымсыз эмоция туғызып, баланы оқуға көзқарасына кері әсер ететіні есте ұстау керек.
- Мүмкіндік болған жағдайда уақытқа шектеу қоймау керек, себебі интеллекті жақсы адам барлығын салыстырып, талдап барып ойын жеткізеді, сондықтан оған уақыт қажет.
- Тапсырмалар оқушының жас ерекшелігін ескеріп қана құрылмай, белгілі бір дәрежеде күрделі, баланың күзіреттілігі мен шеберлігінің оянуына мүмкіндік тудыруы керек. Тапсырманың күрделілік деңгейі әр уақытта артып отыруын қадағалау шарт.
- Тапсырманы орындау барысында іштей қызығушылығын ояту мақсатында мүмкіндігінше жаңашылдық пен кездейсоқтыққа кездесетіндей етіп таңдау қажет.

Колледж психологы: Достаева А.Б.

